| | |
|---|---|
| **«PRESIDENT®» СМ ҰСЫНҒАН «VISIT PARIS» НАУҚАНЫН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ ЖӘНЕ ОҒАН ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ** | **ПРАВИЛА ПРОВЕДЕНИЯ И УСЛОВИЯ УЧАСТИЯ В АКЦИИ «VISIT PARIS» ОТ ТМ «PRESIDENT®»** |
| **1. Жалпы ережелер**<br>1.1. «**PRESIDENT®»** сауда маркасы ұсынған **«VISIT PARIS»** науқанын (әрі қарай – Науқан) «Фудмастер-Трэйд Компаниясы» ЖШС-ның (ҚР, 041600, Алматы обл., Талғар ауд., Талғар қ., Қонаев даңғылы, 47) (әрі қарай – Науқанды Ұйымдастырушы) тапсырысына сәйкес «Progression CA» (ПРОГРЭШЕН СИ ЭЙ) ЖШС (мекенжайы: 050000, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық даңғ., 447) (әрі қарай – Науқан Операторы) өткізеді.<br>1.2. Науқанның атауы: **«VISIT PARIS»**.<br>1.3. Науқан өткізілетін аумақ – Қазақстан Республикасы.<br>1.4. Науқанды өткізудің жалпы мерзімі – 2024 жылдың 1 қыркүйегі мен 30 қарашасы аралығы (әрі қарай – Науқанды өткізу мерзімі).<br>НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Науқан өткізілетін «PRESIDENT®» сауда маркасы өнімдерінің қаптамаларында көрсетілген мерзімдерге қарамастан, 2024 жылдың 1 қыркүйегі Астана уақыты бойынша 00 сағат 00 минут және 2024 жылдың 30 қарашасы Астана уақыты бойынша 23 сағат 59 минут аралығында (әрі қарай – Науқанға қатысуға өтінім қабылдау кезеңі) Науқанға қатысуға болады.<br>1.5. Науқанды өткізудің ресми ережесі www.presidentpromo.kz веб-сайтына (әрі қарай – Сайт) жарияланады.<br>1.6. Науқанды өткізу ережесімен және шарттарымен www.presidentpromo.kz сайты немесе 8 800 070 70 47 (Қазақстан бойынша тегін) ақпараттық шұғыл байланыс желісі арқылы танысуға болады. Науқанға қатысушыларды және чектерді ақпараттық шұғыл байланыс желісі арқылы тіркеуге болмайды. Ақпараттық шұғыл байланыс желісінің жұмыс режимі Науқан Операторының қалауы бойынша операторлардың жұмыс режимінен кез келген уақытта автоақпарат берушілердің жұмыс режиміне өзгертілуі мүмкін.<br>1.7. Науқан лотерея емес.<br>**2. Науқанды (Науқанға арналған өнім) өткізуді ынталандыру мақсатындағы тауарлардың атаулары**<br>2.1. Науқан «PRESIDENT®» СМ ұсынған өнімді сатуды ынталандыру мақсатында өткізіледі. Науқанға мынадай өнім түрлері (әрі қарай – Науқандық өнім) қатысады:<br>• 15% President® қаймағы, 200 г | **1. Общие положения**<br>1.1. Акция **«VISIT PARIS»** от торговой марки «**PRESIDENT®»** (далее – Акция) проводится ТОО «Progression CA» (ПРОГРЭШЕН СИ ЭЙ) (адрес: 050000, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Достык, 447) (далее – Оператор Акции) по заказу ТОО «Компания Фудмастер-Трэйд»( РК, 041600, Алматинская обл, Талгарский р-он, г.Талгар, проспект Конаева, 47) (далее – Организатор Акции).<br>1.2. Наименование Акции: **«VISIT PARIS»**.<br>1.3. Территория проведения Акции – Республика Казахстан.<br>1.4. Общий срок проведения Акции – с 01 сентября по 30 ноября 2024 года (далее – Период проведения Акции).<br>ВНИМАНИЕ: Независимо от сроков, указанных на упаковках продукции торговой марки «PRESIDENT®», в отношении которых проводится Акция, стать участником Акции можно в период с 00 часов 00 минут по времени Астаны 01 сентября 2024 года по 23 часов 59 минут по времени Астаны 30 ноября 2024 года (далее – Период приема заявок на участие в Акции).<br>1.5. Официальные Правила проведения Акции размещаются на веб-сайте www.presidentpromo.kz (далее – Сайт).<br>1.6. Ознакомиться с Правилами и условиями проведения Акции можно на Сайте www.presidentpromo.kz или через информационную горячую линию 8 800 070 70 47 (бесплатно по Казахстану). Регистрация участников Акции и Чеков по информационной горячей линии не осуществляется. Режим работы информационной горячей линии может быть изменен с режима работы операторов на режим работы автоинформатора в любое время по усмотрению Оператора Акции.<br>1.7. Акция не является лотереей.<br>**2. Наименования товаров, в целях стимулирования реализации, которых проводится Акция (Продукция для Акции)**<br>2.1. Акция проводится в целях стимулирования реализации продукции под ТМ «PRESIDENT®». В Акции участвуют следующие виды продукции (далее – Акционный продукт):<br>• Сметана President® 15% 200г |

| | |
|---|---|
| • 15% President® қаймағы, 400 г<br>• 20% President® қаймағы, 200 г<br>• 20% President® қаймағы, 400 г<br>• President® Кілегейлі балқытылған ірімшігі, үшбұрышты, 140 г<br>• President® Кілегейлі балқытылған ірімшігі, үшбұрышты, 280 г<br>• President® Саңырауқұлақ қосылған балқытылған ірімшігі, үшбұрышты,140 г<br>• President® Кілегейлі балқытылған ірімшігі, науаға салынған, 200 г<br>• President® Кілегейлі балқытылған ірімшігі, науаға салынған, 400 г<br>• President® Саңырауқұлақ қосылған балқытылған ірімшігі, науаға салынған, 200 г<br>• President® Саңырауқұлақ қосылған балқытылған ірімшігі, науаға салынған, 400 г<br>• President® Кілегейлі балқытылған ірімшігі, тілімделген, 150 гр<br>• 5% President® үгілгіш үй сүзбесі, науаға салынған, 200 г<br>• 5% President® үгілгіш үй сүзбесі, науаға салынған, 400 г<br>• 9% President® үгілгіш үй сүзбесі, науаға салынған, 200 г<br>• 9% President® үгілгіш үй сүзбесі, науаға салынған, 400 г<br>• 82% President® сарымайы, 180 г<br><br>**Науқанға қатысатын жеке тұлға ұстанатын шарттар**<br>Науқанға Науқан өткізілетін сәтте 18 (он сегіз) жасқа толған, оның ішінде осы Ереженің шарттарын орындаған және 2024 жылдың 1 қыркүйегі мен 30 қарашасы аралығында Науқан өнімдерінің бірін (бұдан әрі-науқанға қатысушы) сатып алған Қазақстан Республикасының іс-әрекетке қабілетті азаматтары және Қазақстан Республикасында тұруға берілген ықтиярхаты бар шетелдік азаматтар қатыса алады.<br><br>3.1. Науқанға Науқанды Ұйымдастырушының және Науқан операторының қызметкерлері, олардың отбасы мүшелері; Науқанды Ұйымдастырушының және Оператордың мүдделерін білдіретін тұлғалар, белгіленген тәртіппен Науқанды Ұйымдастырушымен және Науқан Операторларымен үлестес деп танылған тұлғалар, Науқанды Ұйымдастырушымен және Науқан Операторымен белгіленген азаматтық-құқықтық және өзге де қатынастары бар, Науқанды ұйымдастыруға және/немесе өткізуге қатысы бар үшінші тұлғалардың қызметкерлері мен өкілдері, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері, азаматтығы жоқ адамдар және Қазақстан Республикасында тұруға берілген ықтиярхаты жоқ өзге мемлекеттің азаматтары қатыстырылмайды. | • Сметана President® 15% 400г<br>• Сметана President® 20% 200г<br>• Сметана President® 20% 400г<br>• Сыр плавленый President® Сливочный в треугольниках 140г<br>• Сыр плавленый President® Сливочный в треугольниках 280г<br>• Сыр плавленый President® С грибами в треугольниках 140г<br><br>• Сыр плавленый President® Сливочный в ваннах 200г<br>• Сыр плавленый President® Сливочный в ваннах 400г<br>• Сыр плавленый President® С грибами в ваннах 200г<br><br>• Сыр плавленый President® С грибами в ваннах 400г<br><br>• Сыр плавленый President® Сливочный в ломтиках 150 гр<br>• Творог President® домашний рассыпчатый в ваннах 5% 200г<br>• Творог President® домашний рассыпчатый в ваннах 5% 400г<br>• Творог President® домашний рассыпчатый в ваннах 9% 200г<br>• Творог President® домашний рассыпчатый в ваннах 9% 400г<br>• Масло сливочное President® 82% 180г<br><br>**3. Условия, при соблюдении которых физическое лицо становится участником Акции**<br><br>Участником Акции могут быть дееспособные граждане Республики Казахстан, достигшие к моменту проведения Акции 18 (восемнадцати) лет, в том числе иностранные граждане, имеющие вид на жительство Республики Казахстан, которые выполнили условия настоящих Правил и которые в период с 01 сентября по 30 ноября 2024 года приобрели один из Акционных продуктов (далее – Участник Акции)<br><br>3.1. К участию в Акции не допускаются: работники Организатора Акции и Оператора Акции, члены их семей; лица, представляющие интересы Организатора Акции и Оператора, лица, признанные в установленном порядке аффилированными с Организатором Акции и Операторами Акции, работники и представители третьих лиц, имеющих установленные гражданско-правовые и иные отношения с Организатором Акции и Оператором Акции и связанные с организацией и/или проведением Акции, а также члены их семей, лица без гражданства и граждане других государств, не имеющие вида на жительство в Республике Казахстан. |

| | |
|---|---|
| 3.2. Науқанға қатыса отырып, Қатысушы осы Ережемен танысқанын және толық келісетінін растайды және олардың барлық шарттары мен талаптарын сақтауға міндеттеме алады.<br><br>3.3. Науқанға қатысу фактісі Науқанға Қатысушылардың аттарын, фотосуреттерін, бейне, аудио және олар туралы өзге де материалдарды Науқанды Ұйымдастырушы Науқанға Қатысушыларға қандай да бір сыйақы төлемей-ақ Науқанды өткізуге байланысты кез келген жарнамалық және (немесе) ақпараттық материалдарда пайдалана алатынына келісетінін білдіреді. Науқан жеңімпаздары қандай да бір сыйақы алмай-ақ, бұқаралық ақпарат құралдарында сұхбаттасуға және осы Науқанды өткізуге байланысты дайындалған жарнамалық материалдарға түсуге келісімдерін береді. Мұндай жарнамалық материалдарға деген барлық құқық Науқанды Ұйымдастырушыға тиесілі.<br>3.4. Науқанға қатысу үшін 2024 жылдың 1 қыркүйегі Астана уақыты бойынша 00 сағат 00 минут және 2024 жылдың 30 қарашасы Астана уақыты бойынша 23 сағат 59 минут аралығында:<br><br>3.4.1. Өзінің дербес деректерін (әрі қарай – Тіркеу деректері), оның ішінде келесілерді көрсете отырып, **www.presidentpromo.kz сайтында қысқаша тіркелуден өту керек:**<br><br>• ұялы телефон нөмірлері (телефон нөмірі белсенді болуы және ҚР ұялы операторында тіркелуі тиіс);<br>• аты;<br>• e-mail-i;<br>• құпия сөзі (Науқанға Қатысушы құпия сөзді өзі ойлап табады);<br>• **Науқан шарттарымен келісу**, Дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім беру (міндетті белгі)<br>Сайтқа сәтті тіркелгенін растау үшін қалқымалы электрондық ақпараттық хабарлама көрсетіледі.<br><br>3.4.2. Тіркеуден өткеннен кейін Қатысушы кепілдендірілген сыйлық – Telegram-да пайдалануға арналған бірегей стикерпак алады.<br>3.5. Әрі қарай науқанға қатысушыға екі опция ұсынылады: **1) ойын ойнау және лездік жүлдені ұтып алу мүмкіндігі; 2) науқандық өнімді сатып алу туралы фискалдық чекті жүктеу және бас жүлде ұту ойынына қатысу.**<br>**3.6. Ойын ойнау үшін:**<br>• «ойнау» түймешесін басыңыз<br>• бірдей суреті бар екі картаны тауып, ашыңыз (барлығы 6 жұп карта) | 3.2. Участвуя в Акции, Участник подтверждает ознакомление и полное согласие с настоящими Правилами и принимает на себя обязательства соблюдать все их условия и требования.<br><br>3.3. Факт участия в Акции означает, что Участники Акции соглашаются с тем, что их имена, фотографии, видео-, аудио- и иные материалы о них могут быть использованы Организатором Акции в любых рекламных и (или) информационных материалах, связанных с проведением Акции, без выплаты какого-либо вознаграждения Участникам Акции. Победители Акции дают свое согласие на интервью в средствах массовой информации и съемку для рекламных материалов, подготовленных в связи с проведением данной Акции, без выплаты им какого-либо вознаграждения. Все права на такие рекламные материалы принадлежат Организатору Акции.<br><br>3.4. Для участия в Акции необходимо в срок с 00 часов 00 минут по времени Астаны 01 сентября 2024 года по 23 часов 59 минут по времени Астаны 30 ноября 2024 года:<br><br>3.4.1. **На сайте www.presidentpromo.kz пройти короткую регистрацию, указав** свои персональные данные (далее – Регистрационные данные), а именно:<br><br>• номера мобильного телефона (номер телефона должен быть активным и зарегистрирован у сотового оператора РК.);<br>• имени;<br>• e-mail;<br>• пароля (Участник Акции придумывает пароль самостоятельно);<br>• **согласия с условиями Акции,** Согласие на сбор, обработку персональных данных (обязательная галочка)<br><br>В подтверждение успешной регистрации на Сайте выводится всплывающее электронное информационное сообщение.<br><br>3.4.2. После прохождения регистрации, Участник получает гарантированный подарок – уникальный стикерпак для использования в Telegram.<br><br>3.5. Далее участнику акции предлагается две опции: 1) с**ыграть в игру и получить возможность выиграть моментальный приз; 2) загрузить фискальный чек о покупке акционного продукта и участвовать в розыгрыше главного приза.**<br><br>3.6. **Для того, чтобы сыграть в игру необходимо:**<br><br>• нажать кнопку «играть»<br>• найти и открыть на поле парные карточки с одинаковым изображением (всего 6 пар карточек) |

- ойынды аяқтағаннан кейін Қатысушы кепілдендірілген жүлде – President® рецептілер жинағының біреуін алады және President® ұсынған лездік жүлделердің бірін кездейсоқ ұтып алуы мүмкін.

**Бір қатысушы күніне 3 рет ойнай алады.**

Ойыннан өткеннен кейін Науқанға Қатысушы Бас жүлдені ұту ойынына қатысу үшін кассалық (фискалдық) чекті тіркей алады.

**3.7. Науқандық өнімді сатып алу туралы фискалдық чекті жүктеу және бас жүлде ұту ойынына қатысу үшін:**

- осы Ереженің 2.1-тармағында көрсетілген тізбеден Науқандық өнімнің кемінде 1 (бір) бірлігін сатып алу керек;
- **сауда орнынан алынған фискалдық чек түріндегі кассалық чекті 2.1-тармақта көрсетілген Науқандық өнімнің тауар позициясын көрсете отырып сақтап қою керек;**
- **Magnum GO, Airba fresh, Arbuz алаңдары және басқа да интернет алаңдар арқылы интернет-дүкенде сатып алу және төлем төлеу жүргізілсе, электрондық чегіңіз болуы керек / электрондық чекке қол жеткізе аласыз**
- Басып шығарылған кассалық чекті тіркеу үшін қатысушы Науқанға қатысатын тауар позициясының атауы көрсетілген Тауарды сатып алғаныңызды растайтын ***кассалық чектің (фискалдық чектің*)*** фотосуретін тіркеу қажет
- Электрондық кассалық чекті тіркеу үшін қатысушы электрондық чекке берілген сілтемені тіркеуі қажет. Содан кейін Чекті тіркеу» түймешесін басу керек.

3.7.1. Басып шығарылған кассалық чекті тіркеу үшін «чекті жүктеу» түймешесін басып, мына жолақтарды толтыру қажет:

- Чек күні
- Чек уақыты
- Чек сомасы
- Чектің фотосуреті және «тіркеу» түймешесін басыңыз

** Фискалдық чек – ҚР нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленген міндетті деректемелер көрсетілген құжат.*
*ҚР СК 165-бабының 6-тармағына сәйкес, Бақылау-касса машинасының (БКМ) чегі – сатушы (тауарды, жұмысты, қызметті жеткізуші) мен сатып алушы (клиент) арасында*

- после прохождения игры, Участник получает гарантированный приз – один из сетов коллекции рецептов от President® и случайным образом может выиграть один из моментальных призов от President®

**Лимит игр в день на одного участника – 3**

После прохождения игры Участник Акции может зарегистрировать кассовый (фискальный) чек, для участия в розыгрыше Главного приза.

3.7. **Для того, чтобы загрузить фискальный чек о покупке акционного продукта и участвовать в розыгрыше главного приза, необходимо:**

- приобрести не менее 1 (одной) единицы Акционного продукта, из перечня, указанного в пункте 2.1 настоящих Правил
- **сохранить кассовый чек в виде полученного в торговой точке фискального чека с указанием товарной позиции Акционного продукта, указанного в п 2.1 и**
- **иметь электронный чек, если покупка и оплата была произведена в интернет магазине посредством площадок Magnum go, Airba fresh, Arbuz и пр интернет площадки / иметь доступ к электронному чеку**
- Для регистрации распечатанного кассового чека участнику нужно зарегистрировать фото ***кассового чека (фискального чека*)***, подтверждающего покупку Товара, где указано наименование товарной позиции, которая участвует в Акции
- Для регистрации электронного кассового чека участнику необходимо зарегистрировать ссылку на электронный чек. Затем, нажать на кнопку «Зарегистрировать чек».

3.7.1. Чтобы зарегистрировать распечатанный кассовый чек необходимо нажать кнопку «загрузить чек» и заполнить поля

- Дата чека
- Время чека
- Сумма чека
- Фото чека и нажать кнопку «зарегистрировать»

**Фискальный чек – это документ, в котором указаны обязательные реквизиты, установленные нормативно-правовыми актами РК.*
*Согласно пп.6 ст. 165 НК РК - чек Контрольно-кассовой машины (ККМ) – первичный учетный документ ККМ, подтверждающий факт осуществления между продавцом*

| | |
|---|---|
| *қағаз түрінде не электрондық түрде берілген ақшалай есеп айырысуды жүзеге асыру фактісін растайтын БКМ-нің бастапқы есепке алу құжаты.*<br>*БКМ фискалдық чегінде мынадай ақпарат болуы тиіс:*<br>*1) салық төлеушінің атауы;*<br>*2) салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;*<br>*3) салық органындағы БКМ зауыттық нөмірі;*<br>*5) чектің реттік нөмірі;*<br>*6) тауарларды сатып алу, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету күні мен уақыты;*<br>*7) бірлік үшін тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бағасы;*<br>*8) фискалдық белгі;*<br>*9) деректерді тіркеу және (немесе) беру қызметі бар БКМ бақылау чегінің түпнұсқалығын тексеруге арналған фискалдық деректер операторының атауы және фискалдық деректер операторының интернет-ресурсының деректемелері;*<br>*10) тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің атауы;*<br>*11) сатып алынатын тауардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің саны, олардың өлшем бірлігі;*<br>*12) тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті сатудың жалпы сомасы;*<br>*13) салық төлеуші қосылған құн салығын төлеуші болып табылған жағдайда тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сату жөніндегі қосылған құн салығы салынатын айналымдар бойынша мөлшерлемені көрсете отырып, қосылған құн салығының сомасы;*<br>*14) БКМ пайдалану орнының мекенжайы;*<br>*15) БКМ чегі туралы ақпаратты кодталған түрде қамтитын штрихты код;*<br>*Осы тармақтың бірінші бөлігінің 9) және 15) тармақшаларының ережелері ҚР СК 166-бабы 6-тармағының деректерді беру қызметі жоқ БКМ чектеріне қолданылмайды.* | *(поставщиком товара, работы, услуги) и покупателем (клиентом) денежного расчета, выданный в бумажном виде либо в электронном виде.*<br>*В фискальном чеке ККМ должна содержаться следующая информация:*<br>*1) наименование налогоплательщика;*<br>*2) идентификационный номер налогоплательщика;*<br>*3) заводской номер ККМ в налоговом органе;*<br>*5) порядковый номер чека;*<br>*6) дату и время совершения покупки товаров, выполнения работ, оказания услуг;*<br>*7) цену товара, работы, услуги за единицу;*<br>*8) фискальный признак;*<br>*9) наименование оператора фискальных данных и реквизиты интернет-ресурса оператора фискальных данных для проверки подлинности контрольного чека ККМ с функцией фиксации и (или) передачи данных;*<br>*10) наименование товара, работы, услуги;*<br>*11) количество приобретаемого товара, работ, услуг, единицу их измерения;*<br>*12) общую сумму продажи товара, работы, услуги;*<br>*13) сумму налога на добавленную стоимость с указанием ставки по облагаемым налогом на добавленную стоимость оборотам по реализации товаров, работ, услуг – в случае, если налогоплательщик является плательщиком налога на добавленную стоимость;*<br>*14) адрес места использования ККМ ;*<br>*15) штриховой код, содержащий в кодированном виде информацию о чеке ККМ;*<br>*Положения подпунктов 9) и 15) части первой настоящего пункта не распространяются на чеки ККМ без функции передачи данных п. 6 ст. 166 НК РК.* |
| 3.7.2. Электрондық кассалық чекті тіркеу үшін чекті жүктеу парақшасында чек күнін, чек уақытын және чек сомасын енгізу қажет. Әрі қарай, «электрондық чек» чекбоксын қойып, «Электрондық чекке сілтеме» деп аталатын енгізу жолағына электрондық чекке сілтеме қойыңыз.<br><br>3.8. Чектегі барлық деректер оқылатындай болуы керек. Чектің суреті анық және оқылатындай болуы керек. Файл түрі: JPEG, JPG, өлшемі 10 Мб-тан аспайды, ажыратымдылығы кемінде 200 (екі жүз) dpi. Фотосурет емес суреттер (скриншоттар, бедерлер, суреттер, компьютерлік графика, фотомонтаж) қатыстырылмайды. Чектің жоғарғы және төменгі шеттері қамтылып, толығымен суретке түсірілуі керек, чек кескіні қатаң түрде тігінен бағытталуы керек, чекті дұрыс бұрышпен суретке түсіру керек.<br><br>3.9. Жүктелген чектердің Науқан шарттарына сәйкестігі тексеруден өтеді. Егер сурет немесе сілтеме оқылмайтын (атап айтқанда, ішінара бүлінген, анық емес) немесе жалған деп танылса немесе чектегі ақпарат науқан шарттарына сәйкес келмесе, Ұйымдастырушы Қатысушыға жүктелген чекті кез келген уақытта алып тастауға құқылы. | *3.7.2.* Чтобы зарегистрировать электронный кассовый чек необходимо на странице загрузки чека ввести дату чека, время чека и сумму чека. Далее, поставить чекбокс «Электронный чек» и вставить ссылку на электронный чек в поле ввода под названием «Ссылка на электронный чек».<br><br>3.8. Все данные в чеке должны быть читабельны. Изображение чека должно быть четким и читабельным. Тип файла: JPEG, JPG, размер не более 10 Мб., разрешение не менее 200 (двести) dpi. Не допускаются изображения, не являющиеся фотографиями (скриншоты, оттиски, картинки, компьютерная графика, фотомонтаж). Чек должен быть сфотографирован полностью, включая верхний и нижний край чека, изображение чека должно быть строго вертикально ориентировано, фотографировать чек необходимо под прямым углом.<br><br>3.9. Загруженные чеки проходят проверку на соответствие условиям Акции. Организатор имеет право не засчитать Участнику загруженный чек в любое время, если изображение или ссылка, будут признаны нечитаемыми (в частности, с частичными повреждениями, нечетким) или |

3.10. Бір чектің суреті мен сілтемесі сайтқа науқанның барлық уақытында бір рет қана жүктелуі мүмкін. Бір Қатысушы талаптарға сәйкес келетін шексіз чек санын жүктей алады.

3.11. Егер бір кассалық чек бойынша 2.1-тармақта көрсетілгендердің ішінен бірден артық тауар сатып алынған жағдайда Науқанға қатысу үшін осы чек бойынша бір ғана тауарды пайдалануға болады, бұл жағдайда бір чек Науқан соңында Бас жүлде ұту ойынына қатысудың бір мүмкіндігіне тең болады.

**Ұтып алған жағдайда жүктелген тауар чектерін Науқанды Ұйымдастырушыға ұсыну үшін міндетті түрде сақтап қою керек.**

4. Мынадай чектер қате деп танылады, есепке алынбайды және тіркелмейді:

- 2.1-тармақта көрсетілген сатуды ынталандыру мақсатында Науқан өткізілетін тауар атаулары жоқ чектер.
- ойдан шығарылған чектер;
- Науқан Операторы Науқанға қатысуға өтінімдерді қабылдау кезеңі басталар күннен бұрын алған (2024 жылдың 1 қыркүйегі Астана уақыты бойынша 00 сағат 00 минуттан бұрын алған) чектер;
- Науқан Операторы Науқанға қатысуға өтінімдерді қабылдау кезеңінің аяқталу күнінен кейін алған (2024 жылдың 30 қарашасы Астана уақыты бойынша 23 сағат 59 минуттан кеш алған) чектер;

5. Толтырылған деректер редакциялауға жатпайды, сауалнамада дұрыс және анық ақпарат көрсетілуі тиіс. Егер тіркеу кезінде қате ақпаратты, атап айтқанда атын, ұялы телефонын, электрондық мекенжайын қате көрсетсе, Науқанға Қатысушы сыйлық иегері атана алмайды.

6. Бір Науқанға Қатысушы бір бірегей ұялы телефон нөмірінен және пошталық электрондық мекенжайдан бір ғана тіркеу нысанын тіркей алады, яғни бір ұялы телефон нөмірін және/немесе электрондық пошта мекенжайын Науқанның тек бір қатысушысы чектерді тіркеу үшін пайдалануы мүмкін.

фальшивым, либо информация в чеке не будет соответствовать условиям акции.

3.10. Изображение и ссылка одного и того же чека может быть загружено на сайт только один раз за все время проведения Акции. Один и тот же Участник может загрузить неограниченное количество чеков, соответствующих требованиям.

3.11. В случае, если по одному кассовому чеку была совершена покупка более одного товара из указанных в п.2.1, то использовать для участия в Акции можно только один товар по данному чеку, те в данном случае один чек равняется одному шансу на участие в розыгрыше Главного приза в конце Акции.

**Загруженные товарные чеки необходимо обязательно сохранять для предъявления Организатору Акции в случае выигрыша.**

4. Признаются некорректными, не учитываются и не регистрируются следующие чеки:
   - Чеки, не содержащие наименование товаров, в целях стимулирования реализации, которых проводится Акция, указанных в п.2.1.
   - вымышленные;
   - полученные Оператором Акции ранее даты начала Периода приема заявок на участие в Акции (ранее 00 часов 00 минут по времени Астаны 01 сентября 2024 года);
   - полученные Оператором Акции позднее даты окончания Периода приема заявок на участие в Акции (позднее 23 часов 59 минут по времени Астаны 30 ноября 2024 года);

5. Заполненные данные не подлежат редактированию, в анкете должна быть предоставлена достоверная и корректная информация. Участник Акции не может стать обладателем подарка, если указал при регистрации недостоверную информацию, в частности имя, мобильный телефон, электронный адрес.

6. Один Участник Акции с одного уникального номера мобильного телефона и почтового электронного адреса может зарегистрировать не более одной регистрационной формы, то есть один и тот же номер мобильного телефона и/или адрес электронной почты могут быть использованы для регистрации чеков только одного Участника Акции.

| | |
|---|---|
| 7. Сайтқа сәтті тіркелгенін растаған кезде Науқанға Қатысушыға Науқанға Қатысушының ұялы телефон нөміріне сәйкес келетін бірегей нөмір беріледі және оған Науқанға Қатысушының виртуалды аккаунты болып табылатын «Жеке кабинетке» кіру мүмкіндігі ашылады. «Жеке кабинетте» тіркелген чектердің саны, алынған кепілдендірілген сыйлықтар, Науқан шеңберінде ұтып алынған жүлде атаулары мен саны туралы ақпарат қамтылады және сақталады.<br>8. «Жеке кабинетке» кіру үшін Сайтқа тіркеу нысанының тиісті жолақтарында тіркелу кезінде Науқанға Қатысушы көрсеткен логин (ұялы телефон нөмірі) мен құпия сөзді енгізіп, «Кіру» виртуалды түймешесін басу қажет.<br><br>9. Науқанға Қатысушы құпия сөзді қалпына келтіре алады. Құпия сөзді қалпына келтіру туралы өтініш Науқан өткізілетін кезеңде жіберілуі мүмкін. Сайтқа тіркелу/авторласу түріндегі құпия сөзді қалпына келтіру үшін «Құпия сөзді қалпына келтіру» түймешесін таңдау керек. Осыдан кейін тіркеу кезінде көрсетілген Науқанға Қатысушының электрондық пошта мекенжайына бірегей сілтеме жіберіледі, сол сілтеме арқылы өтіп, құпия сөзді жаңасына ауыстыру қажет. Науқанға қатысушы құпия сөзді өзі ойлап табады. Сілтеме электрондық пошта арқылы жіберілетін ең ұзақ уақыт – бес сағат. | 7. При подтверждении успешной регистрации на Сайте, Участнику Акции присваивается уникальный номер, который соответствует номеру мобильного телефона Участника Акции, и ему открывается доступ в «Личный кабинет», который представляет собой виртуальный аккаунт Участника Акции. В «Личном кабинете» содержится и хранится информация о количестве зарегистрированных чеков, полученных гарантированных подарков, наименованиях и количестве выигранных призов в рамках Акции.<br>8. Для доступа к «Личному кабинету» необходимо ввести логин (номер мобильного телефона) и пароль, указанные Участником Акции при регистрации на Сайте в соответствующих полях регистрационной формы и нажать на виртуальную кнопку «Войти».<br>9. Участнику Акции доступно восстановление пароля. Запрос на восстановление пароля может быть отправлен в течение Периода проведения Акции. Для восстановления пароля в форме регистрации/авторизации на Сайте необходимо выбрать «Восстановить пароль». После этого на адрес электронной почты Участника Акции, указанный при регистрации, будет выслана уникальная ссылка, по которой необходимо перейти и сменить пароль на новый. Участник Акции придумывает пароль самостоятельно. Максимальное время, в течение которого ссылка будет отправлена по электронной почте, – пять часов. |
